



Мұнайлы

www.mmg.kz

АДЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№07 (153), тамыз, 2022 жыл

Ішкі коммуникация

ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Шілде айының 20-22 жұлдызы күндері Жетібай және Қаламқас кенорындарында және тамыз айының 5 жұлдызы күні Ақтау қаласындағы орталық кеңседе «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің еңбек ұжымы алдындағы есептік кездесуі өтті. Шара барысында Компания Бас директоры Д.К.Хасанов мырза және Бас директордың орынбасарлары мен құрылымдық бөлім басшылары 2022 жылдың алғашқы жартыжылдығында жасалған жұмыстар туралы баяндап берді. Осы орайда, есепте баяндалған негізгі мәселелерді ықшамдап назарыңызға ұсынамыз.



Кездесулердегі баяндамалар Компания қызметіне байланысты 5 тақырыпқа бөлінді. Әр тақырып сала бойынша жауапты мамандарға жүктелді. Мәселен Бас директордың геология және кенорындарды игеру жөніндегі орынбасары Д.А.Шырақбаев пен өндірістік департамент директоры А.С.Түйебаев кенорындарды игеру мен енгізіліп жатқан жаңа технологияларға тоқталды. Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған

директоры Қ.Б.Бердалиев Компанияның кадрлық саясаты туралы, қызметкерлерді оқыту, разрядтарды өсіру тәртібі туралы түсініктеме берсе, әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаменті директорының орынбасары Н.Л.Илмуханбетов еңбек және тұрмыстық жағдайды жақсартуға жасалып жатқан жұмыстар туралы айтты.

жақсарту тақырыбы Бас директор тарапынан егжей-тегжейлі талқыланды. Оған қоса, Компания қызметіне жаңадан қосылған бағыттар IR (Industrial relationship) - жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы еңбек (өндірістік) қатынастарды реттейтін Компания Саясаты мен Компания қызметін жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға арналған Комплаенс қызметі туралы да айтып өтті.

Мәселен ендігіден былай Компания мен оның серіктес ұйымдары арасындағы қатынастар IR саясаты шеңберінде реттелетін болады. Оның қызметі іскерлік қарым-қатынастарды құру және өзара сыйластық принциптері бойынша бизнесті жүргізу, қауіпсіз және сапалы жұмысты ұйымдастыру және жүргізу, әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және сақтау, заманауи технологияларды қолдану, тиімділікті арттыру және инновация сынды қағидаларға негізделеді.

Ал Комплаенс қызметі шеңберінде Компания ҚР заңнамасының, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге, жоғары тәуекелге ұшыраған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бизнес бағытын анықтауға және ҚБ-ға тәуекелдерді комплаенс сәйкестендіруде көмек көрсету және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды орындауға жұмыстанатын болады. Бұл саланың негізгі қағидаларымен қоса берілген кестеден немесе Компанияның ресми веб-сайтынан таныссаңыз болады.

Кездесуде сұрақ-жауапқа да уақыт бөлінді. Жұмысшылар өндіріс үшін өзекті мәселелер мен жеке сұрақтарын Басқарма басшысы мен жауапты қызметкерлерге тікелей қойып, жауабын алды. Ал сол жерде жауабы табылмаған сұрақтар хаттамаға енгізіліп, жауабы сұрақ иесінің қаперіне жеке жеткізілетін болып келісілді.

(Жалғасы 2-6 беттерде)

КОМПЛАЕНС

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 18 қараша 2015 жылғы № 410 –V Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жұмыскерлері және лауазымды тұлғаларына **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ
Жақын туысқаны, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жежыатының тікелей қарауындағы лауазымда болуға, сондай-ақ жақын туысының, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жежыатының тікелей қарауындағы лауазымды иеленуге.



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ
Мүдделер қайшылығы болған жағдайда, яғни жұмыскердің жеке мүддесі мен Қоғам мүддесі арасында қарама-қайшылық болғанда, лауазымдық міндеттемелер мен қызметтерді орындауға.



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ
Контрагенттердің сенімділігін тексеру процедурасына сәйкес, Қоғамның қызметкерлерімен, Қоғамның аффилирлі тұлғаларымен және басқа да тәуекел-факторлармен арада мәміле жасауға.



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ
Лауазымды тұлғаларға өздерінің қызығушылығы бар әрекеттерге қатысты шешім қабылдауға ықпал ету мақсатында, өзіне тікелей бағынышты және бағынбайтын бөлімшелердің қызметіне араласуға.

Егер Сізге бұзушылық деректері туралы белгілі болса, көрсетілген телефон номеріне 8 7292 21 52 98; электронды почтаға a.argingazin@mmg.kz хабарласуыңыз сұралады.

ортаны қорғау департаментінің директоры А.С.Мунгалов өндірістегі қауіпсіздік пен оны қамтамасыз ету қадамдары туралы айтып берді. Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаменті директорының орынбасары М.Т.Асабаев Компанияның қаржылық жағдайына және өндірістік шығындар туралы тоқталды. Адам ресурстарын басқару департаментінің

Өз кезегінде Компания Бас директоры Д.К.Хасанов баяндамалар бойынша толықтырулар жасап, таза пайда, кадрлық саясатты оңтайландыру амалдары, қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыру секілді мәселелерді тағы бір шолып өтті.

Әсіресе өндіріс ауқымын кеңейту, жұмыс процесстерін жетілдіру, жұмысшылардың еңбек жағдайын



Есептік кездесуде көрсетілген презентацияны жүктеу үшін осы QR-код бойынша өтіңіз

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БЛОГЫ

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, жазатайым оқиғаларды болдырмау Компания ұстанған басым бағыттардың бірі. Осы орайда қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау (одан әрі - ҚТЕҚҚОҚ) департаменті тарапынан қатаң талаптар орнатылып, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылып келеді. Баяндамаға қоса беріліп отырған кестелерден оң өзгерістер динамикасын көруге болады. Мәселен 2017 жылы өндіріс алаңдарымызда 2 жазатайым оқиға орын алған болса, 2021 жылы 1 оқиға болып, биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында жазатайым оқиғалар мүлдем тіркелмеді. Жол көлік оқиғалары бойынша да көрсеткіштер осындай – соңғы төрт жылда бір де бір оқиға орын алмаған. Осындай оң өзгерістер мердігер ұйымдар бойынша да байқалып келеді. Мысалға, 2017 жылы ең көп жазатайым оқиға орын алған «ОСК» серіктестігінде биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында 2 оқиға ғана тіркелген.



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ «АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ»



«Алтын ережелер» - бұл өндірістік тәуекелдердің алдын алуға арналған қарапайым, баршаға түсінікті және сенімді тәсіл. Бұл ережелерді «ММГ» АҚ-ның барлық қызметкерлері және мердігерлері сақтауға міндетті. Табысты болуды көздеген компания, өз қызметкерлеріне сенім артуы және осы қарапайым ережелерді сақтауы тиіс. «Алтын ережелерді» сақтау – ең маңызды болып табылатын адам өмірін сақтау. Сондықтан «ММГ» АҚ саясаты келесідей ережелерді көздейді:



ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН БОЛУ



КӨЛІКТІ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТАРҒА НАРЯД-РҰҚСАТ



ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ



ТҮЙІҚ КЕҢІСТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ



БИІКТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ



ҚОЗҒАЛАТЫН ЖӘНЕ ҚЫСЫМ ҮСТІНДЕГІ ЖАБДЫҚТАР



ЖҰК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ



Өндірістің қауіпсіздік қағидалары:

- ЕШКІМ ЗАРДАП ШЕКПЕУІ КЕРЕК !
- ЖҰМЫСҚА КІРІСЕР АЛДЫНДА ОЙЛАН !
- ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ОРЫНДА, НЕ ОНЫ МҮЛДЕМ ОРЫНДАМА !
- ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ОРЫНДАУҒА ӘРДАЙЫМ УАҚЫТ ТАБЫЛАДЫ !
- КҮМӘНІҢ БОЛСА, АНЫҚТА! (СҰРА)



"ММГ" АҚ-НЫҢ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ДИНАМИКА КӨРСЕТКІШІ

Диаграмма 1.




Диаграмма 2.





Диаграмма 3.

Мердігерлік ұйымдардың жазатайым оқиғаларының динамикасы



Осы орайда, ҚТЕҚҚОҚ саласы бойынша оң өзгерістердің орын алуына септігін тигізген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Алтын ережелерін» назарыңызға ұсынамыз. Аталған ережелер уақытпен шыңдалып, тиімділігі тәжірибеде дәлелденген. Барлық құрылымдық және өндірістік-құрылымдық бөлім қызметкерлері мен жетекшілерін осы ережелерді жұмыс кезінде басшылыққа алуға шақырамыз.

ҚТЕҚҚОҚ саласы бойынша тағы да бір маңызды мәселе – азаматтардың денсаулығы. Департамент мамандары жұмысшылардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін жағдайлар мен факторларды дер кезінде анықтау мақсатында үздіксіз алдын алу шараларын жүргізіп келеді. Мәселен жыл басынан бері «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бойынша жұмыс орындарында 2500 астам зертханалық өлшеу жұмыстары (жарықты, дiрiлдi және шу деңгейiн өлшеу, микроклимат, газдану, шаңдану және т.б.) жүргiзiлдi. Екi өндiрiстiк



ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

"Қаламқасмұнайгаз" ӨБ кенорнының аумағында барлығы 4 мұнай қалдықтары полигоны, 1 ҚТҚ полигоны және металл сынықтарын уақытша сақтайтын 1 алаң болды

"Жетібаймұнайгаз" ӨБ кенорнының аумағында барлығы 6 полигон – мұнай қалдықтары және металл сынықтарын уақытша сақтайтын 1 алаң болды



Өңдеуге дейінгі 9-ТҚ үйіндісі



Өңдеуден кейінгі 9-ТҚ үйіндісі

ҚТҚ ПОЛИГОНЫН ЖОЮ БОЙЫНША ЖҰМЫС



МЕМОРАНДУМНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР

Нысан атауы	Өлшем бірлігі	Инвентаризация, ЖОСПАР тонн	Факт 2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Мердігер атауы	Қалғаны - 2023-2024 жж
МГӨЦ №01-3 бойынша (633 учаске) :	тонн	292 727,00	0	81 964	93 672	"Экостандарт" ЖШС	117 091
ГУ-3, ГУ-9, ГУ-Асар үйінділері	тонн	264 459,00	154 688,02	-	-	"Вест Дала" ЖШС	Жойылып мемлекеттік органдарға тапсырылды
МКДАЦ (үйіді)	Тонн	507 772,00	0,00	70 000,00	248 363,00	"Клинфилд Казахстан" ЖШС	189 409,00
Барлығы:	тонн	1 064 958	154 688	151 964	342 035		306 500

басқарма бойынша 200-ге жуық кемшіліктер мен сәйкессіздіктер анықталып, хаттамалар жасақталды. Қазіргі таңда олар бойынша тиісті шаралар қабылданып, қажетті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ҚТЕҚҚОҚ департаменті алдында тұрған тағы бір өзекті мәселе өндірістік басқармалар аумағындағы мұнаймен ластанған «тарихи» аумақтарды қайта қалпына келтіру. Осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Мәселен, Компания өзіне осындай міндеттемелерді алуына байланысты және айыппұл санкцияларын болдырмау мақсатында жыл сайын 1998 жылдан бастап көмілген қалдықтарды толық тазалап, кәдеге жарату үшін кешенді жұмыстарды жүзеге асырып келеді. 2017-2021 жылдар кезеңінде – осы бағытта 986 167 мың теңге бөлініп, кәдеге жаратуға - 105 967 тонна берілді. Бұл жұмыстар 2022 жылы ҚТҚ полигонын толық тазартқанға және жойғанға дейін, биорекультивация жұмыстарын жүргізумен және мемлекеттік органдарға тапсырумен жалғасатын болады.

ӨНДІРІСТІК БЛОК


2022 жылғы шілде айының 1 күнгі мәлімет бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кенорындарында 99 млн. тонна алынатын мұнай қоры бар. Газ қоры 52 600 млн. м3 құрап отыр. Кенорындар іске қосылғалы бері барлығы 275 млн. тонна мұнай өндірілген. Қазір тиісті геологиялық іс-шаралар жүргізіліп, Компанияға тиесілі аумақтардың өнімділігін арттыру жұмыстары жасалуда. Шаралар оң нәтижесін берген жағдайда Компанияның өндірілетін мұнай қоры тағы да 24 млн. тонна шикізатпен толығы деп жоспарлануда.

Бүгінгі таңда Компания бойынша орташа тәуліктік мұнай өндіру көлемі 16 мың тоннадан асып тұр. Жылдық мұнай өндіру көлемі жоспар бойынша 6 130 мың тоннаға тең. Алғашқы жартыжылдыққа жоспарланған 3 017 мың тоннаның 2 948,8 мың тоннасы өндірілді. Жоспардан ауытқу -67,9 мың тоннаны құрап отыр. Бұл негізінен қаңтар айында болған оқиғалар кезіндегі мәжбүрлі тоқтатуларға байланысты.


Дегенмен, жағымды жаңалықтар да жоқ емес. Мәселен, шілде айының басында Жетібайлық мұнайшылар осыдан 40 жыл бұрын болған рекордтық



КҮРДЕЛІ САЛЫМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ



Мәселен, Қаламқас кенорындағы №1318 ұңғыға резеңке центраторлар арқылы штангаларды желінуден қорғау технологиясын енгізу бойынша тәжірибелік-өндірістік сынақтар жүргізіліп жатыр.

Жетібай кенорында №4212, 806 су айдау ұңғымаларында икемді, коррозияға төзімді арматураланған құбырларды енгізу бойынша тәжірибелік-өндірістік сынақтар жүргізіле бастады. Бұлардың бәрі өз кезегінде мұнайшылар жұмысының тиімділігін арттырумен қатар мұнай өндірісі көлеміне де оң әсер етеді деп күтілуде.

Бұдан бөлек 2022 жылғы мұнай өндіру жоспарын орындап шығу үшін бұрғылаудан 165 ұңғыма енгізу, әрекетсіз қордан 42 ұңғыманы шығару, 181 ұңғыманы басқа қабаттарға қайтару, 228 ұңғымада қабатты сумен жару секілді қосымша геологиялық-техникалық шаралар қолдану жоспарланып отыр.

Аталған жұмыстар оң нәтиже берген жағдайда 2022 жылдың қорытындысы бойынша 6130 мың тонна мұнай шикізатын өндірумен қатар 429 млн. м3 ілеспе газ табиғи газ өндіру жоспарланып отыр.


тәуліктік мұнай өндіру көлемін жаңғыртып, тәулігіне 7000 тоннадан астам мұнай өндірді және осы көрсеткішті сақтап қалды. Бұл жаңалық Компания әлеуетінің әлі жоғары екеніне сенімімізді нығайтып, ұжымдастарды жігерлендіре түскені анық.

Осы орайда, мұнай өндірісі көлемінің жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етіп, өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында жаңа технологиялардың іске қосылуы қарастырылып жатыр. Мәселен, қазір кенорындарда су ағындарын шектеу, қышқылды қабатты сумен жару және су ағындарын қайта бөлу бойынша тәжірибелік-өндірістік сынақтар жүргізіліп жатыр. Осы сынақ жұмыстарының нәтижесінде 2024 жылға қарай мұнай өндіру көлемі шамамен 30 мың тоннаға артады деп күтілуде.

Бұдан бөлек Қаламқас және Жетібай кенорындарында ұңғымалардың жұмыс істеу мерзімін ұзарту, қосалқы бөлшектердің тез тозуының алдын алу, ұңғымалардың өнімділігін арттыруға бағытталған техникалық шаралар жүзеге асырылып жатыр.



2022 ЖЫЛҒЫ «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ МҰНАЙ ӨНДІРУДІ ОРЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



ҚАРЖЫЛЫҚ БЛОК

Соңғы кездері әлемдік мұнай бағамдарының күрт өсіп жатқанын байқауға болады. 2021 жылғы орташа мұнай бағасы 71 долларға тең болған болса, 2022 жылы маусым айында «Брент» маркалы мұнайының бағамдары барреліне 124 АҚШ долларға дейін өсті. Дегенмен, біздің жағдайымызда мұнай бағамдары басқаша есептеліп, сәйкесінше мұнай саудасынан түсетін пайда да басқаша болады. Бұған бірнеше себеп бар.


Бірінші. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кенорындарында өндірілген мұнай жоғары сұрыпты «Брент» маркасының қатарына емес, мұнайдың «Юралс» деп аталатын түріне жатады. Компанияның 2022 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы экспортқа сатқан мұнайының орташа бағасы 85 АҚШ долларына тең болды. Ал «Брент» маркалы мұнайы 2022 жылдың алғашқы жартыжылдығында орташа алғанда барреліне 108 АҚШ долларынан саудаланды.

Екінші. «Брент» маркалы мұнайдың әлемдік бағасының өсуі байқалғанымен (нақты 108 доллар 1 баррельге), Компанияның экспорттық үлесі бүкіл мұнай сатылымының 36% ғана құрайтын-




2022 ЖЫЛДЫҢ 1-ші ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНЫҢ НАҚТЫ ТАБЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫН БӨЛІКТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (БІР БАРРЕЛЬГЕ ШАҚҚАНДА)

Мұнайдың әлемдік бағасы	108\$/bbl
Экспортқа кеткен мұнайдың бағасы	85\$/bbl
Ішкі нарыққа кеткен мұнайдың бағасы	28\$/bbl
1 баррельге шаққанда барлық табыс	57\$/bbl



2022 ЖЫЛДЫҢ 6 АЙЫНЫҢ ЖОСПАР ЖӘНЕ НАҚТЫ КІРІС ЖӘНЕ ШЫҒЫН БӨЛІКТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



	өлшем бірлігі	2022ж 6 ай жоспар	2022 ж 6 ай нақты	ауытқу
Дивиденттер	млн. теңге	0	91 079	91 079
Кезең соңындағы ақша қаражаты	млн. теңге	81 829	32 813	-49 016
Мұнайдың өлемдік бағасы, Брент	доллар 1 барр	60	108	48
АҚШ долларының бағамы	теңге	425,00	448,61	24
Өткізілген мұнай көлемі	мың тонна	2 992	2 937	-54

шығындар 0,2 АҚШ долларын (0,3%); қаржылық және басқа шығындар 8 АҚШ долларын (14%) құрады. Сонда таза табыс барлық кірістің 15% яғни 8 АҚШ долларын құрады. Қорыта айтсақ, 2022 жылдың алғашқы жартыжылдығында орташа 57 доллардан саудаланған мұнайдың әр баррелінен Компания қазынасында қалған таза пайда 8 долларға тең болды.


Компания өндірістік шығыстарының ауқымды бөлігін күрделі салымдар құрайды. 2022 жылдың алғашқы 6 айында осы бағытта 31 944 млн. теңге жұмсалды. Бұл қаражат негізгі құрал-жабдықтар мен бейматериалдық активтерді сатып алуға, болат құбырларды шыныпластикке ауыстыруға, күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізуге, ұңғымаларды бұрғылауға жұмсалды. Күрделі салымдардың толық құрылымын және 2022 жылға арналған салымдар жоспарын, сонымен қатар 2022 жылдың алғашқы 6 айына арналған жоспар мен нақты кіріс және шығын бөліктерінің құрылымын осы баяндамаға қоса беріліп отырған кестеден таныса аласыздар.

дықтан (жоспар 43%) Компанияның ішкі нарыққа сатқан мұнайының бағасы басқаша болатынын ескерген жөн. Яғни, мұнайдың 64% ішкі нарыққа орташа есеппен барреліне 28 АҚШ доллары бағасымен сатылса, қалған 36% - бір барреліне 85 доллар (жеңілдік шегерілген әлемдік баға) бағасымен сатылған. Осылайша мұнайдың 1 барреліне шаққанда жалпы орташа кіріс көлемі 57 АҚШ долларды ғана құрады.

Енді осы кірістің қандай бөлігі таза табыс, қаншасы өндірістік шығыс, қанша пайызы Компанияның мемлекет алдындағы міндеттемелері мен салық заңнамасы аясында төленіп жатқанына назар аударыңыз. Кірістің негізгі үлесі салықтарға кетеді – алғашқы жарты жылдықта салықтар бір баррель мұнайдан түскен жалпы кірістің 43% немесе 24 АҚШ долларын құрады; өндірістік шығыстар – 5 АҚШ долл. (9%) құрады; мұнайды сату үшін тасымалдауға жалпы кірістен 4 АҚШ доллары (7%) жұмсалды; амортизация 4 АҚШ долларын құрады (7%); еңбек ақы төлеу қорын және тағы басқа төлемдерді жасау үшін әр баррельден 3 АҚШ доллары (5%) жұмсалды; әкімшілік



КҮРДЕЛІ САЛЫМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



КАДРЛЫҚ БЛОК


2022 жылғы 1 шілде күнгі ақпаратқа сәйкес Компания есебінде 3772 адам бар. Оның 3091 адамы өндірістік персонал («ҚМГ» ӨБ 1586 адам; «ЖМГ» ӨБ 1038 адам; департаменттер 467 адам) және қалған 681 адамы Ақтау қаласындағы құрылымдық бөлімдерде қызмет ететін мамандар.

Компания қызметкерлерінің 61% Ақтау қаласының тұрғындары, 15% Қарақия ауданы, 8% Маңғыстау ауданы, 6% Мұнайлы ауданы, 6% Түпқараған ауданы және тағы 4% басқа өңірлердің тұрғындары болып отыр. Компанияның жалпы қызметкерлер санының 84% ерлер қалған 16% әйелдер құрап отыр. Қызметкерлердің 2% 30 жасқа дейінгі жастар, 31-40 жас аралығындағы азаматтар 31% құрайды, 41-60 жас аралығындағы жұмысшылардың үлесі 63% тағы 4% жасы 60 асқан жұмысшылар.

Компания қабырғасында персоналды бағалау, разрядтарын көтеру және 12 сағаттық режимге ауыстыру бойынша тұрақты жұмыс жасалып келеді. Мәселен 2022 жылдың алғашқы жарты жылдығында Компания бойынша 162 азамат конкурстық іріктеулерге қатысып,



«ММГ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ - 01.07.2022 Ж.



ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ, РАЗРЯДТАРДЫ АРТТЫРУ ЖӘНЕ 12 САҒАТТЫҚ РЕЖИМГЕ АУЫСТЫРУЛАР

2022 жылға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ конкурстық іріктеу

ҚБ/ӨҚБ	Қатысушылардың жалпы саны	Шекті балл жинағандар	Шекті балл жинамағандар
ҚМГ ӨБ	14	13	1
ЖМГ ӨБ	25	17	8
Департаменттер	123	63	60
Жалпы саны	162	93	69

2022 жылға кен орын қызметкерлерінің разрядтарын арттыру бойынша ауысулар

Разрядтар	«ҚМГ» ӨБ	«ЖМГ» ӨБ
2022	2022	2022
3	-	-
4	305	201
5	250	267
Жалпы саны:	555	468

2022 жылға кен орын қызметкерлерінің 12 сағаттық режимге ауысулары

Маңғыстаумұнайгаз АҚ	
12 сағат	2022
ҚМГ ӨБ	1 288
ЖМГ ӨБ	197
Департаменттер	277
Жалпы саны:	1 762

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетімен бірлесіп «Білім беру интенсиві» бағдарламасын жүзеге асырды. Оқыту шарасына 99 үміткер қатысып, 98 кісі бағдарламаны сәтті аяқтап, Компаниядағы бос орындарға жұмысқа орналасуда.

Оның ішіндегі 40 орын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ квотасы. Ол орындар Компания Ұжымдық шарты талаптарына сәйкес жұмыс кезінде қайтыс болуына байланысты немесе денсаулық жағдайы бойынша (мүгедектік, жарақат алуы) еңбек қатынастары тоқтатылған бұрынғы Компания жұмыскерлерінің отбасы мүшелеріне ұсынылып отыр. Қалған 58 орын Маңғыстау және Қарақия аудандарының аз қамтылған, көпбалалы, асыраушысы жоқ, табысы жоқ отбасы мүшелеріне ұсынылды. Олардың тізімі аудан әкімдіктерінде іріктеліп, әрі қарай тұрақты комиссия отырысында сараланды. Алдағы уақытта жобаның екінші кезеңін жүзеге асырып, тағы бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамту көзделіп отыр.

олардың 93 біліктілігін дәлелдеп басқа қызметтерге ауысты. Осы мерзім ішінде Қаламқастан 302 адам, Жетібайдан 201 адам 4-разрядқа және Қаламқастан 250 адам, Жетібайдан 267 адам 5-разрядқа ауысты. Компания бойынша 1762 адам 12 сағаттық жұмыс режиміне ауыстырылды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Қызметкерлерді оқыту, олардың біліктілігін арттыру мәселесі де тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Мысалға, биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында Компания бойынша барлығы 1301 адам қосымша оқыту шараларына тартылды. Ал жыл соңына дейін мұндай біліктілікті арттыру және жалпыға міндетті білім беру курстары бойынша 6 387 адамды оқыту жоспарлануда.


Әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» АҚ тұрақты даму саласындағы стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, атап айтқанда Маңғыстау облысындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты,



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ



Оқытылған қызметкерлердің жалпы саны - 1 301 адам



Қазіргі уақытта «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС және «Татнефть» АҚ бірлесіп ұйымдастырылған 16 адамға 4 модульден тұратын «Кәсіби шебер», 50 адамға арналған «DynaEd» әдістемесі бойынша ағылшын онлайн курсы және Қоғам басшылар арасынан 6 қызметкерге «Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA)» бағдарламасы, сонымен қатар басқа да біліктілігін арттыру курстары жоспарланып отыр. Жыл соңына дейін біліктілікті арттыру және жалпыға міндетті білім беру курстары бойынша 6 387 адамды оқыту жоспарлануда.

БІЛІМ БЕРУ ИНТЕНСИВИ



Әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» АҚ тұрақты даму саласындағы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, атап айтқанда Маңғыстау облысындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетімен бірлесіп «Білім беру интенсиві» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда 98 қатысушы бағдарламаны сәтті аяқтап, бос орындарға орналасуда.

ӘКІМШІЛІК-ӘЛЕУМЕТТІК БЛОК

Компания әлеуметтік саясаты Ұжымдық шарт негізінде жасақталады. Аталған құжат жұмысшы тарапынан қызметкерлерге төленетін қосымша сыйақылар мен төлемдерді, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік, тұрмыстық және еңбек жағдайларын жақсартуды көздейтін шарттар мен ережелерді қамтиды.

Жыл сайын Ұжымдық шарт негізінде Қоғам қызметкерлеріне 25 тармақ бойынша қосымша төлемдер жасалады. Қоғам бюджетінде 2022 жылға осы тармақтар бойынша 5 млрд 567 млн теңге қарастырылған. Соның 3 млрд 506 млн теңгесі биылғы жылдың бірінші жарты-жылдығында тиісті мақсатта қолданылды. Тармақтардың атауларымен және олардың соммаларымен кестеден таныса аласыздар.

Ең негізгілері және жалпыға бірдей төленетін әлеуметтік төлемдер ретінде 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиелеп отырған Қоғам қызметкерлеріне арналған материалдық көмекті және Қызметкердің жыл сайынғы еңбек демалысы кезінде төленетін бір еңбекақы көлеміндегі сауықтыруға арналған жәрдемақыны айтуға болады. Олар бойынша 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында жұмсалған қаржы сәйкесінше 281 млн. және 1 млрд. 218 млн. тг. құрап отыр.

Осы орайда ерекше атап өтетін бір мәселе – өздеріңізге белгілі, соңғы 2 жылдан КОВИД-19 пандемиясы салдарынан Қоғам қызметкерлері балаларының жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру тоқтатылған болатын. Биыл жағдайдың тұрақтануына байланысты Қоғам қызметкерлерінің балаларын демалыс лагерлеріне жолдау жұмыстары қайта жанданды. Демалалыс маусымының аяғына дейін Қоғам қызметкерлерінің 1681 баласы сауықтыру лагерлерінің жолдамасын қолданатын болады. Биыл демалыс географиясы кеңіді. Балаларымыз Каспий теңізі жағасындағы демалыс орындарына жолдама алумен қатар, Алматы қаласындағы «Арман дала»,



ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Қоғам қызметкерлері балаларының жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру

БСО атауы	Жолдамалар саны
"Айналайын" Алматы қ-сы	429
"Арман-Дала" Алматы қ-сы	429
"Ақбөбек" Жаңаөзен қ-сы	180
"Фламинго" Ақтау қ-сы	462
"Rixos" baby club Ақтау қ-сы	181
Барлығы:	1681

Құрылымдық бөлім атауы	Жолдамаларды үлестіру тәртібі			
	Балалар саны	Алматы қ-сы орталықтары	Жергілікті орталықтар	Барлығы
ҚМГ ӨБ	1486	402	384	786
ЖМГ ӨБ	896	240	231	471
ӨӨБ	805	216	208	424
Барлығы:	3177	858	823	1681



«Айналайын» секілді заманауи орталықтарға да барып жатыр.

Қоғам қызметкерлерінің еңбек және тұрмыстық жағдайын жақсарту Компания әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. Осы орайда 2022-2026 жылдарға арналған арнайы бағдарламаның қабылданғанын айта кеткен жөн. Бағдарлама аясында 2022 жылы Қаламқас кенорнында 4 жатақхана, 2023 жылдан бастап жыл сайын 5 жатақхана күрделі жөндеуден өтетін болады. Қазіргі таңда №30 жатақханада күрделі жөндеу жұмыстары басталып кетті. №3, 29 және 40 жатақханалар кезек күтіп тұр. Жобаның жалпы құны 2 879 000 000 тг.

Оған қоса Қаламқас кенорнында «Каспиан Фуд» ЖШС инвестициялық жобасы шеңберінде жаңа 50 орындық жатақхананың құрылысы 80% аяқталды. Тапсыру мерзімі тамыздың аяғы деп жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Қаламқас кенорнынан ЦДПТИТГ, ПРЦЭО, ЦПО НПО цехтары

жанынан 3 душ бөлмесін қайта салу жұмыстары, Қаламқас кенорнында 3 дана және Жетібай кенорнында 1 дана операторлық ғимараттарды күрделі жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Қоғам қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету саласында да тұрақты жұмыс жасалып келеді. 2022 жылдан бастап мұнайшыларға медициналық көмек көрсететін мекеме ретінде «Нейрон-МЕД» ЖШС болып танылды. Қызмет көрсетуші жаңа мекемемен бірге бірқатар жаңашылдықтар да орнады. Мысалға, 2022 жылдан бастап қызметкердің жақын екі тумаласына 20 түрлі лабораториялық зерттеу түрі тегін жасалатын болды, бұрын 10 түрлі ғана болған. Қызметкерлерге тегін берілетін дәрілік заттар атауы артты – бұрын осы мақсатта жылына 25 млн тг бөлінетін болса, биылдан бастап тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін 60 млн тг бөлініп, дәрі түрі 280 атаудан асты.

Оған қоса қызметкерлер қажеттіліктері үшін жаңа ультра дыбыстық зерттеу аппараты, көзішілік қысымды өлшеу аппараты сатып алынды. Қаламқас кенорнынан тіс емдеу кабинеті мен массаж кабинеттері ашылды.

Сонымен қатар, медициналық көліктер паркі де жаңартылып, 5 дана жедел жәрдем көліктері қолдануға берілді.

Әлеуметтік жұмыстың тағы бар бағыты қызметкерлерді Қоғам жаңалықтарымен қамтамасыз ету болып табылады. Осы орайда корпоративтік «Мұнайлы өлке» газетінен бөлек Инстаграм мен Фейсбук әлеуметтік желілерінде ресми парақшалар мен корпоративтік WWW.MMG.KZ веб-сайты жұмыс жасап тұрғандығын қаперіңізге береміз. Бұдан бөлек Басқарма мүшелеріне жеке сауал жолдау үшін WWW.MMG.KZ сайтында Басқарма блогы да жұмыс жасайтынын еске саламыз.

«ММГ» АҚ ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ АЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР

2022 ж. жоспарланған сома – 5 567 709 000 тг.

2022 ж. алғашқы 6 айында нақты игерілген сома – 3 506 653 000 тг.

№	Әлеуметтік төлемдердің, өтемақылардың немесе кепілдіктердің түрі	Төлем көлемі	2022 ж. жоспарлы сома (мың тг.)	Нақты сома 2022 ж. (мың тг.)
1	1,5 лет жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыста жүрген әйелдерге ай сайынғы жәрдемақылар	35 АЕК	77 188	27 691
2	Жүктілігі және босануына байланысты ақы төлеу	Әлеуметтік жәрдем ақыны шегергендегі орташа жалақы	58 114	49 503
3	Зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге біржолғы төлемдер	Бір жалақы	43 181	21 977
4	8 Наурызға әйелдерге біржолғы сыйлықақы	30 мың теңге	18 870	18 330
5	Мерейтой иелеріне біржолғы сыйлықақы	70 АЕК	48 242	25 300
6	Қоғамның марапатталған қызметкерлеріне біржолғы сыйлықақы	15 мыңнан 50 мың теңгеге дейін		3 360
7	Аурудың 15 күнінен бастап ауруы бойынша материалдық көмек	Айлық тарифтік мөлшерлеменің 50%		40 003
8	Қоғам қызметкерлері балаларын жоғары және орта оқу орындарында оқытуға арналған материалдық көмек		107 000	-
9	Қызметкердің жыл сайынғы еңбек демалысы кезінде төленетін бір еңбекақы көлеміндегі сауықтыруға арналған жәрдемақы (еңбек демалысына арналған материалдық көмек)	Бір еңбекақы көлемінде	2 280 869	1 218 383
10	Мерекелерге арналған біржолғы (бірреттік) сыйлықақы (Наурыз мейрамы, Мұнайшылар күні, Тәуелсіздік күні)	50 АЕК	1 841 935	1 185 805
11	Балалы болу/асырап алу жағдайында көрсетілетін материалдық көмек	60 АЕК	84 171	25 650
12	Қызметкердің қайтыс болуына байланысты көрсетілетін материалдық көмек	100 АЕК	4 595	3 938
13	Қызметкердің жақын туыскандарының қайтыс болуына байланысты көрсетілетін материалдық көмек	70 АЕК	36 879	19 380

№	Әлеуметтік төлемдердің, өтемақылардың немесе кепілдіктердің түрі	Төлем көлемі	2022 ж. жоспарлы сома (мың тг.)	Нақты сома 2022 ж. (мың тг.)
14	Қайтыс болған зейнеткерлердің отбасы мен жалғызбасты, аз қамтылған зейнеткерлерге көрсетілетін материалдық көмек	50 АЕК	7 293	3 507
15	Ерекше жағдайларда емдеуге және отаға берілетін материалдық көмек	Комиссия отырысында анықталады	37 000	37 000
16	Қызметкердің отбасы құруына байланысты көрсетілетін материалдық көмек	70 АЕК	10 721	2 552
17	Мүгедек бала тәрбиелеп отырған қызметкерлерге көрсетілетін материалдық көмек	100 АЕК	38 288	53 894
18	Қоғам қызметкерлері балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру	Жолдаманың құнына байланысты	457 252	457 252
19	Қоғам қызметкерлері – интернационалистік жауынгерлерге арналған материалдық көмек (Ауған соғысы ардагерлері, Чернобыль АЭС апатын жою шарасының қатысушылары, Семей полигонындағы ядролық сынақтан зардап шеккендер)	60 АЕК	5 513	6 616
20	Қоғам қызметкерлері балаларын мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеуге жұмсалған шығындарын өтеу	14 931 тг. бір айға	44 598	25 329
21	18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиелеп отырған Қоғам қызметкерлеріне арналған материалдық көмек	25 АЕК әр балаға	237 919	281 183
22	1 қыркүйек қарсаңында Қоғам қызметкерлерінің мектеп жасындағы балаларына оқу құралдарын алуға арналған материалдық көмек	30 000 тг. әр балаға	133 150	
23	Мүгедектер күніне орай мүмкіндігі шектеулі Қоғам қызметкерлеріне арналған материалдық көмек	50 АЕК	1 378	
24	Жаңа жыл мерекесіне орай Қоғам қызметкерлері балаларына сыйлықтар алу	12 жасқа дейінгі әр балаға	37 391	
25	Қызметкер жұмыс уақытында жұмыс басында, еңбек міндеттерін атқару барысында, денсаулығының нашарлауына байланысты кенеттен қайтыс болған жағдайда, отбасына бір жолғы төлем төлеу	ҚҚС есебімен 360 000 тг. бір қызметкерге	760	

ТАҒАЙЫНДАУ



2022 жылдың 11 шілдеден бастап Ван Хайцзюнь «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Ван Хайцзюнь 1966 жылы 24 сәуірде туған.

2003 жылы Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университетін бітірген.

Еңбек жолын «Ақтөбемұнайгаз» ШПС компаниясында 1-санатты инженер, департамент директорының орынбасары, еңбек ресурстары департаментінің директоры болып бастаған.

2017 жылдан 2019 жылға дейін «Ақтөбемұнайгаз» ШПС АҚ Бас директорының адами ресурстар жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

2019 жылдан бастап CNODC мұнайгаз барлау және әзірлеу жөніндегі Қытай Ұлттық корпорациясының еңбек ресурстары департаментінде бірінші кеңесші қызметін атқарды.

2022 жылғы шілдеден бастап – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары.

НАЗНАЧЕНИЕ

С 11 июля 2022 года заместителем Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по управлению человеческими ресурсами назначен Ван Хайцзюнь.

Ван Хайцзюнь родился 24 апреля 1966 года.

В 2003 году окончил Московский государственный университет экономики, статистики и информатики.

Трудовую деятельность в Казахстане начал в компании ШПС «Ақтөбемұнайгаз», инженером 1-ой категории, заместителем директора департамента, директором департамента трудовых ресурсов.

С 2017 года по 2019 год работал заместителем Генерального директора по человеческим ресурсам АО ШПС «Ақтөбемұнайгаз».

С 2019 года работал Первым советником в департаменте трудовых ресурсов в Китайской Национальной Корпорации по нефтегазовой разведке и разработке CNODC.

С июля 2022 года - заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по управлению человеческими ресурсами.

Жетістік

ЖЕТІБАЙ КЕНОРНЫНАН ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ!

Жетібайлықтардан қуанышты хабар келіп жетті – әріптестеріміз 41 жылдан кейін, соңғы рет 1981 жылы қолжеткен тәуліктік мұнай өндіру көрсеткішін қайталап, көптен бері бағынбай жүрген **7000** тонналық белесті бағындырды. Бұл Компания және өлке мұнайгаз саласы үшін тарихи маңызы бар оқиға. Өйткені мұнай өндірісі көлемінің артуы кенорын әлеуетінің әлі де орасан зор екенін дәлелдей түсті.

Тарихи меже шілденің 1-і күні қанжығаға байланған. Содан бері майталман мұнайшыларымыз көрсеткішті одан әрі көтеруге жұмыстанып келді. Шілденің 31 күні тәуліктік мұнай өндіру көлемі 7147 тоннаны құрап, кенорын әлеуетіне деген сенімімізді арттырды.

Осы орайда жетібайлық әріптестерімізге Басқарма мүшелерінің құттықтауы мен барша әріптестердің қуанышын жеткізіміз келеді! Еңбектеріңіз жемісті болсын! Жетістіктер жалғасын тапсын!

Естеріңізге сала кетейік, өлке мұнайгаз саласының шежіресі дәл осы Жетібай кенорнынан бастау алған болатын. Былтыр маңғыстау мұнайының қара шаңырағына 60 жыл толды. 1961 жылы 5 шілдеде №6 ұңғымадан алғашқы мұнай фонтаны атты. Бүгінгі тарихи оқиғаның сол бір айтулы датамен сәйкес келуі де тегін емес болар. Жетібай кенорнының екінші тынысы ашылғандай.

Содан бері Жетібай кенорны өлке мұнайгаз саласының қайнар көзіне айналды. Бүгінде елімізге танымал Нұрлан Балғымбаев, Ләззат Қиынов, Алик Айдарбаев сынды өндіріс мамандары мен қоғам қайраткерлері еңбек жолын осы кенорында бастаған. Бұл да біз үшін үлкен мақтаныш.

Биік белестерден көріне беріңіздер, әріптестер!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

Экология

УПРАВЛЕНИЕ «ИСТОРИЧЕСКИМИ» ЗАМАЗУЧЕННЫМИ ТЕРРИТОРИЯМИ ПУ «ЖЕТЫБАЙМУНАЙГАЗ»



В 2019 году АО «Мангистаумунайгаз» взяло на себя обязательство по ликвидации «исторических» загрязнений в рамках Меморандума о сотрудничестве в сфере охраны окружающей среды между Министерством экологии, геологии и природных ресурсов и АО НК «КазМунайГаз». В ходе инвентаризации, проведенной АО «Мангистаумунайгаз», было выявлено 47,6543 га «исторических» замазученных участков, составлена Дорожная карта по ликвидации и рекультивации данных участков на 2020-2024 гг. На ликвидацию и очистку данных участков были выделены средства на сумму более 14 млрд. тенге.

В 2019-2020 годах компанией ТОО «Вест Дала» ликвидировано, очищено и рекультивировано - 6,479 га (исторические отвалы Асар, ГУ-9, ГУ-3). Данные площади сданы госорганам и местным исполнительным органам, подписаны Акты ликвидации и рекультивации.

На 2021-2022 г.г. заключены долгосрочные договора с ТОО «CleanFieldKazakhstan» и ТОО «Экостандарт.kz» на выполнение работ по очистке, ликвидации и рекультивации «исторических» замазученных территорий на участках отвал ЦППН и участках ЦДНГ ПУ «Жетыбаймунайгаз», включенных в инвентаризацию и Дорожную карту. Основным требованием является строительство комплексов на территории ПУ ЖМГ с проведением рекультивации из переработанных замазученных отходов, т.е. подрядчики обязаны полностью восстановить замазученный грунт до 0,1% (1000 мг/кг), практически до фонового состояния почвы и вернуть на очищенный участок для проведения рекультивации.

Применяемая технология переработки (восстановления) ТОО «CleanFieldKazakhstan» комбинированная, с применением гидродинамического и биологического методов. Первоначально, нефтеотходы проходят сортировку для облегчения и ускорения процесса переработки с сортировкой 0,4 мм. После чего, исходя из содержания нефтепродуктов, нефтеотходы направляются на переработку: более загрязненный грунт с содержанием нефтепродуктов более 100 000 мг/кг проходит гидродинамическую обработку, а с содержанием менее 100 000 мг/кг направляется на биологическую обра-

ботку. Переработанный грунт используется для технической рекультивации очищенного участка на отвале ЦППН.

На сегодняшний день на отвале ЦППН сдан первый участок площадью 0,6 га (17 839,01 тонн) государственным контролирующим органам, взяты



анализы с 3 независимых аккредитованных лабораторий – со стороны Подрядчика, АО «Мангистаумунайгаз» и Департамента экологии по Мангистауской области. Работы продолжаются.

ТОО «Экостандарт.kz» применяет технологию биореакторной ферментации. В настоящий момент ими проводится работа по очистке участка при ГУ-15, на переработку передано 18,9 тысяч тонн нефтеотходов.

Весь процесс отслеживания отходов в рамках договора контролируется отделом ООС и ПГ месторождения Жетыбай и участка УУОЗГ ПУ «Жетыбаймунайгаз».

Екибаева Ж. Е.
Руководитель службы охраны окружающей среды и парниковых газов ДТБОТиООС



Идетке жол жоқ

ӨЗІҢДІ ҚОРҒА!

Өздеріңіз білетіндей, бүгінде Коронавирус тағы да етек алып келеді. Қазақстанда да коронавирус инфекциясын жұқтырғандардың саны қайтадан өсе бастады. Вирус мутацияға ұшырады және 2022 жылы жаңа штамдар пайда болды: «омикрон» және «стелс-омикрон». ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мамандары шілде, тамыз, қыркүйек айының соңына қарай математикалық модельдеу әдістер арқылы еліміздегі осы вирустар бойынша сырқаттанушылықтың өсуін болжап отыр. Біздің міндетіміз - әрқашан осы жаңа толқынға дайын болу. Осы орайда вакцинация және ревакцинация мәселесі күн тәртібіне қайта шығып отыр.

РЕВАКЦИНАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Адам коронавируспен қарсы екеп салдырғаннан кейін шамамен үш апта өткенде оның ағзасында коронавирусқа қарсы антиденелер пайда болып иммунитет күшейеді. Алайда уақыт өте келе ағзадағы антидененің мөлшері азайып, вируспен қарсы қорғаныс нашарлайды. Ревакцинация – осы әлсірей бастаған антиденелерді қайтадан күшейтуге арналған қайталама вакцинация. Түрлі деректерге бойынша, коронавирус инфекциясына қарсы пайда болған иммунитет шамамен 6-9-12 айдан кейін әлсірейді және жоғалады. Ревакцинация ағзадағы коронавирустың жаңа штамдарының көбеюіне кедергі болады, олардың зияндық әсерін азайтады, осылайша аурудың

жеңіл өтуіне және асқинуына жол бермейді. Сондықтан да бүгінгі таңда коронавирустан өлім саны күрт азайған.

РЕВАКЦИНАЦИЯНЫ ҚАШАН ЖАСАУ КЕРЕК?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ағымдағы ұсынымдарына сәйкес, сондай-ақ ағымдағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, COVID-19-ға қарсы ревакцинацияны: **ауруды бастан өткергеннен кейін 6 айдан кейін** (оның ішінде бұрын вакцинацияланғандарға) немесе **алдыңғы бастапқы 2 кезеңдік вакцинациядан кейін 6 ай өткен соң** алу қажет.

РЕВАКЦИНАЦИЯ КІМДЕРГЕ ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛГЕН?

Ревакцинация - бұл қайта егу. Сондықтан оны өтпеудің жалғыз себебі - медициналық шеттету. Ревакцинацияға қарсы көрсеткіштер тізімі жалпы вакцинацияға қарсы көрсеткіштер тізімімен сәйкес болады.

РЕВАКЦИНАЦИЯ МЕН БАСҚА ВАКЦИНАЦИЯ АРАСЫНДА ҚАНДАЙ ҮЗІЛІС БОЛУЫ КЕРЕК – МЫСАЛЫ, ТҰМАУҒА ҚАРСЫ.

Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинацияның толық курсы немесе ревакцинация және басқа ауруларға қарсы вакцинация арасындағы үзіліс кем дегенде **28 күнді** құрауы керек. Себебі иммунитеттің патогенге қарсы антиденелер шығаруы үшін уақыт қажет. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 2022 жылдың күзінде тұмауға қарсы егу бұрынғыдан да өзекті болатынын еске салады: себебі тұмау ауруының үстіне тағы бір инфекцияны қосылса адамның ағзасында өте ауыр асқинулардың болуына қауіп тудырады.

РЕВАКЦИНАЦИЯ ҮШІН ҚАЗІР ВАКЦИНАЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Қазіргі уақытта біздің облыстың медициналық мекемелерінде және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне медициналық

қызмет көрсететін «Нейрон» медициналық орталығында келесі вакциналар бар:

1. Виро Селл вакцинасы (VeroCell) – инактивтендірілген (белсенді емес) вакцина, Қытайда өндірілген.
2. ҚазВак вакцинасы (QazVac) – Қазақстанда өндірілген инактивтендірілген вакцина.
3. КоронаВак (Sinovac) - белсенді емес вакцина (өлтірілген) вакцина, Қытайда өндірілген.
4. Пфайзер (Pfizer) – векторлық вакцина, яғни иммунитетті жауап белсендіретін тиісті микроорганизмнің арнайы субэлементтерінен (ақуыздарынан) тұрады. АҚШ-та өндірілген. Негізнен вакцинацияның 2-кезеңі үшін қолданылады (V2).

ВАКЦИНАНЫ ҚАЙ ЖЕРДЕН АЛУҒА БОЛАДЫ?

1. Вакцины кез-келген медициналық мекемеден немесе тіркелген жеріңізден алуға болады.
 2. Сондай-ақ қоғам қызметкерлері мен отбасы мүшелері ревакцинациядан өту үшін 14 ш/а, 5 корпус, 3 қабат, 304 кабинет мекенжайында орналасқан «Нейрон» медициналық орталығына жүгіне алады.
- Жұмыс кестесі сағат 08-30-дан 17-00-ге дейін, түскі үзіліс сағат



13-00-ден 14-00-ге дейін, сенбі күні сағат 09-00-ден 12-00-ге дейін жұмыс істейді.

3. Ревакцинацияға байланысты сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады:

1. Казиева М.Т. – «Neuron Med» ЖШС директорының орынбасары, моб.тел.: 870177397742.
2. Жанбирова Б.Е. – ҚДО меңгерушісі, моб.тел.: 870133971723.
3. Отарғұлова Ф.Ө. – «ҚМГ» ӨБ-ның цех.дәрігері, моб.тел.: 870161501974.
4. Жақсыбаева А. Р. – «ММГ» АҚ-ның цех.дәрігері, моб.тел.: 870132938985.
5. Байболов Б.А. – «ЖМГ» ӨБ-ның цех.дәрігері, моб.тел.: 87026666899

Күміс Жүсіпова
өндірістік санитария және
еңбек гигиенасы зертханасының
меңгерушісі

Құндылықтар

ИСЛАМДАҒЫ ОТБАСЫ: СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ҚҰРМЕТ

Отбасы – қоғамның ең маңызды құрылымы. Сондықтан Ислам дінінде отбасына көп көңіл бөледі. Жанұяда ең әуелі сенім мен сыйластық, сезім мен сүйіспеншілік болса, жұбайлар өмірінің шырайы артып, кездеспей қоймайтын тіршіліктің ащысы мен тұщысын, суығы мен ыстығын, қайғысы мен қуанышын бірге бөлісіп, қандай жағдайда болсын, босағасы берік болмақ.

Алла Тағала қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 187-аятында: «Олар сендер үшін киім, сендер олар үшін киімсіздер» - деген. Киім адамды сырт көзден, суық пен желден қорғап, адамның кемшілігін жасырып тұратыны белгілі. Ер мен әйелді Алла Тағала бірін-бірі қорғап, кемшіліктерін жасыратын киімге теңеп отыр.

Осы орайда Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген хадистерінде адамзат баласын адал некемен үйленуге, көбеюге, өсіп-өнуге шақырады. Мысалы, бір хадисінде: «Үйленіңдер, көбейіңдер. Қиямет күнінде өзге қауымдардың алдында сендердің көптіңізді мақтанш етеміз» деген. Қарап отырсақ, бұл хадистің астарында өте терең мән бар. Бүгінгі жастар осы есепке мән беру керек. Ал мына хадисте: «Мүмін ер мүмін әйелге ренжіп, ашуланбасын. Егер оның бір мінезін жақтырмаса, екінші бір мінезін ұнатуды мүмкін» деп насихат айтады.

Бір күні ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір топ қыз-келін-

шекке: «Сендер жақсылық жасашыларыңның қадірін білмей жүр-меңдер» деп өсиет етті. Сол кезде Әсмә бинт Йазидәл-Ансария: «Уа, Алланың елшісі, жақсылық жасашының қадірін білмеу деген не?» - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Кейде бір әйел күйеуге шыға алмай, ата-анасының үйінде ұзақ уақыт отырып қалады. Содан соң Алла оған бір күйеу нәсіп етіп, одан нәрестелі болады. Сол әйел бір күні күйеуіне ашуланып, оның қадірін білмей «Мен сенен не жақсылық көрдім?» дейді. Жақсылықтың қадірін білмеу деген осы», - деп жауап берді.

Осы хадиске назар салар болсақ, Пайғамбарымыздың балажан болғанын аңғаруға болады. Хадисте: «Баласы бар адам баласымен бала болып ойнасын» деген. Тарқатып айтар болсақ «ойнасын» дегенді еркелетсін, бетінен сүйсін, маңдайынан иіскесін, олардың бала көңілімен санассын деп те ұғынуға болады.

Міне, Ислам дінінде осылайша отбасы мүшелерінің өзара сыйлас-



тығы реттелген. Отбасы қарым-қатынастарының тұтас қоғам-ға әсер ететіндігі баяндалады. Егер отбасы тату болса, қоғамда да тұрақтылық орнайды. Отбасында ынтымақ болса, қоғамда да бірлік пен тыныштық салтанат құрады.

Қазақта «Отан – отбасынан басталады», «Өз үйім – өлең төсегім», «Екі жақсы қосылса, ай мен күндей» «Үйде береке болса, дастарханда берекет болады» деген ұлағатты сөздер бар. Бұл сөздерде отбасы құндылықтары мен үлкенді сыйлау, береке мен ынтымақ мәселесіне зор баға берілген. Отбасы бірлігі бекем болса болашағымыз да баянды, ұрпақ тәрбиесі де ұлағатқа толы болмақ.

Ержан Тақжариков
теолог

«Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының 2022 жылғы алғашқы 7 айында атқарған жұмыстарының есебі

2022 жылдың 7 айында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры (одан әрі - Қор) есеп-шотына келіп түскен ерікті қайырымдылық жарна соммасы 1 378 000 (бір миллион үш жүз жетпіс сегіз мың) теңгені құрады. Осы қаражат шеңберінде Қор 2022 жылдың 7 айында 5 өтініш негізінде қайырымдылық көмегін жүзеге асырды. Олардың жалпы соммасы 2 050 000 теңгені құрады. Артылып қалған қаражат Қор есеп-шотында сақтаулы тұр. Бұл қаражат алдағы уақытта Қор атына түскен өтініштерге сай жұмсалатын болады.

Қорға көмек сұрап хабарласқан азаматтар арасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері, олардың туыстары мен жақындары да болды. Олардың соммасы мен нысаналы мақсатымен келесі кестеден таныса аласыздар. Одан бөлек Қордың мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерін өтеуге және Қор есеп-шотын жүргізуге 117 572 теңге тиісті мемлекеттік құзырлы орган пайдасына төленді.

№	Аты-жөні	Көмек көрсетілген уақыты	Көмек сом-масы, теңге	Мақсаты	Қосымша ақпарат
1.	Кирия Тея	Қаңтар	300 000	Созылмалы ауруға ем жасату үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
2.	Шаухаров С.С.	Сәуір	500 000	Ота жасату үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
3.	Ережепова Р.Ж.	Сәуір	300 000	Реабилитациялық ем-дом шараларына	«ММГ» АҚ қызметкері
4.	Хамзина Е.А.	Маусым	200 000	Қатерлі ісік салдарынан емделу үшін	Үшінші тарап
5.	Усенов М.К.	Маусым	500 000	Қатерлі ісікке шалдыққан жолдасына ем-дом шаралары үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
6.	Ермекбаева Г.Т.	Шілде	250 000	Тұлдыр жетім азаматтың тұрмыстық жағдайына көмектесу үшін	«ММГ» АҚ қызметкері

Құрметті әріптестер! Қор қызметінің жүзеге асуына қосқан үлестеріңіз бен азаматтық белсенділіктеріңіз үшін өз атымын және Қор көмегіне жүгініп, жанына сая тапқан азаматтар атынан баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін. Табыстарыңыз арта берсін!

Қорға салымшы болу, өз атыңыздан көмек беру мәселесі бойынша 215-137 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
куәлігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

“ADVER” ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000